

Қ.А. Ясауи атындағы халқаралық қазақ-түрік университеті



Дәрігердің қоғамда алатын орны

Орындаған: Райымхан Ләззат

Тобы: ЖМ-101

Қабылдаған: Клара Жолдас

Түркістан 2012ж

Дәрігерлік мамандық – жауапкершілікті, біліктілікті талап ететін қызмет. Оның жұмысында ұсақ-түйек болмайды. Себебі, оның ісі адамның бұл өмірдегі ең қымбат денсаулығы мен өмірін сақтауға байланысты мамандық. Түптеп келгенде, оның қолында адам өмірі, болашақ тағдыры тұр. Алдыға үміт артып келген адамның көңілінен шығу, сенімін ақтау үлкен жетістік. Ендеше, көпшілік арасында білгір маман ретінде бағаланып, абыройға бөлену – әрбір дәрігердің басты мақсаты болғаны мақұл. Ол үшін ерінбей көп оқып-ізденіп, жалықпай үйреніп, білгенін көңілге тоқып, мол тәжірибе жиғаны ләзім. Сонда ғана ол жақсы маман, абзал дәрігер болады. Дәрігер қазіргі зиялы қауымның алдыңғы толқынында болып, өзінің жоғары қабілетімен, мәдениетімен, ақжарқын мінезімен ерекшеленіп тұрғаны қандай ғанибет!



- Дәрігерлер қай елде, қай ұлтта, қоғамда болмасын қажетті, жоғары эстетика мен жауапкершілікті ұғына білетін тұлғалар. Қоғамдағы ерекше жұмыс тәртібі бар бұл мамандық тұрақсыз график, білім алу ұзақтығы мен күрделілігімен өзгешеленеді.
- Қоғам санасында “нағыз” дәрігер тек денсаулық сақтау, жаман әдеттерден (темекі, ішімдік, т.б.) әдеттерден тыйылтушы ғана емес, моральдық тұрғыдан да дем беруші болып есептеледі. Оған қоса, Медицина ғылымына толықтай берілу, әр науқасқа жұмсақ мінез, денсаулығына жауаптылық танытып, дер кезінде шешім қабылдай білуі тиіс екендігі мәлім.



*«Адамдардың бақытымен бақытты болу
— дәрігерлік жолды таңдағандардың жер
бетіндегі пәк, нағыз бақыты»* Н.И.Пирогов



- Адам – ақыл ойы бар қоғам мүшесі. Сондықтан оның психикалық қасиеттері қоғамдық тұрмыс жағдайларының шешуші әсері арқылы қалыптасады. Оның іс-әрекеті белгілі бір мақсатқа бағынады. Қазіргі күрделі әлемде мақсатқа сай қимылдау үшін көп біліп қана қоймай, сонымен бірге адамдардың түбірлі мүддесі мен заман талабына сай дұрыс шешімдер қабылдап, дұрыс мақсаттар таңдай білу қажет.



Бұқаралық ақпарат құралдарынан құлаққағыс

● – Қазір медицина саласына сын көп айтылады. Осының сыры неде?

● – Қазіргі таңда еліміздегі денсаулық сақтау саласы жақсарып келеді. Шетелмен салыстырғанда біздегі емдеу ақысы әлдеқайда арзан. Америка Құрама Штаттарында денсаулық сақтау саласында реформалар жаңа ғана басталды. Президент Барак Обама осы жөнінде біраз құжаттарға қол қойды. Сенаттың қолдауымен бұл елде тұратын әр азамат денсаулығын сақтандыруына қол жеткізетін болады. Мұндай шешім қабылдауға басымыздан өтіп жатқан дүниежүзілік дағдарыстың да әсері бар. Денсаулық сақтау саласы мемлекеттік қауіпсіздіктің ерекше бөлігін құрайды. Дәрігерлер халықпен күнделікті тығыз байланыста жұмыс істейді. Сондықтан бұл салада науқас пен медицина қызметкерлерінің арасындағы қайшылықтар жиі кездесіп жатады. Саламызға сынның жиі айтылуының да сыры осында деп ойлаймын.

Асқар СЕЙСЕНБАЕВ, медицина
ғылымының докторы, профессор:




«Еврей дәрігерге мен ауырғалы жүрмін, орыс
ауырып жүрмін, ал қазақ өлгелі жүрмін деп
барарды»

әзіл болса да шындық



- 2011 жылғы шілденің 1-нен дәрігерлердің орташа жалақысы-147 мың теңгені және орта медицина қызметкерлерінің орташа жалақысы 85 мың теңгені құрады. Сонымен қатар, кезекті еңбек демалысына шығатын кезде берілетін сауықтыру жәрдемақысының да көлемі ұлғайды.
- сіңірген еңбектері мен кәсіби дәрежелеріне байланысты дәрігерлер окладқа қосымша 167 мың теңгеге дейін, медицина қызметкерлері – 10 мыңнан 140 мың теңгеге дейін ала алады.
- Мәселен, кардиохирургтің орташа жалақысы елімізде 300 мың теңгені құрайды.



Елбасымыз елеусіз қалдырмады...

- Еліміздің медициналық ұйымдарында өз ісіне шексіз берілген, бар өмірін осы мәртебелі кәсіпке арнаған мамандар еңбек етуде. Медицина қызметкерлерінің еңбегі ауыр әрі құрметті. Олардың рөлі мен маңызы қоғамда аса жоғары бағаланады.
- Елбасының Қазақстан халқына арнайтын жыл сайынғы Жолдауларында денсаулық сақтау саласы мен медицина қызметкерлеріне әрқашан ерекше назар аударылып келеді.

«Еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытуда 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру маңызды кезең болып табылады.

Науқастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашылып, жақсы жағдайлар жасалуда, енді олар өздері қалаған дәрігер мен емхананы таңдай алады. Сонымен қатар, дәрігерлердің еңбегі бағаланып, ынталандырылып отырады. Дәрігерлер кәсіби біліктіліктерін жетілдіріп, білімдерін үздіксіз толықтырып отыруға мүдделі. Бұл - қарыштап дамып бара жатқан қазіргі заман талабы. Өз қызметтерінде медицина ғылымының соңғы жетістіктерін пайдаланып, инновацияларды белсенді ендірген, басты парызын есінен шығармаған мамандар ғана толағай табыстарға қол жеткізе алады»

Қоғамға, жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, ақ халатты періштедей көз алдында көлбеңдей жүріп, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, сөзінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалаған ақ халатты абзал жандар бола білейік!



Назарларыңызға рахмет!